

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін жүргізу лицензиясы негізінде өз жұмыстарын атқарған болатын. Қазіргі таңда (осы ағымдағы жылдың бірінші шілдесіне шаққандағы жағдай бойынша) 39 сақтандыру ұйымы қызметтерін атқаруда. Олардың үшеуі мемлекеттік қатысуымен, төртеуі шетелдіктер үлесімен құрылған. Қазақстанда қызмет етіп отырған осы сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 5 миллиард теңгені, активтері 10 497,1 миллион теңгені сақтандыру резервтерінің жалпы көлемі 4,3 миллиард құрап отыр. 2001 жылдың бірінші жарты жылдығында сақтандыру сыйлық ақысының көлемі 6,8 миллиард теңгені көрсеткен. Қаржылық көрсеткіштері мен төлем қабілеттілігі нормативтері толық орындаған 30 сақтандыру ұйымына «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес сақтандыру қызметін жүргізуге құқық беретін жаңа үлгідегі лицензиялар тапсырылған.

2000-2002 жылдары сақтандыруды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламада:

- Әлеуметтік сақтандыруды түрі ретінде сақтандыру тұрғысында қорғауды ұсынудың принциптерін нақтылау;

- Сақтандыру рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының қызметін ұйымдастыру;

- Сақтандыру саласында кадрлар даярлау қайта даярлау, және біліктілігін ұйымдастыру және т.б.

Сонымен қатар, мынадай нәтижелердің, яғни сиымды және бәсекеге қабілетті ұлттық сақтандыру рыногын құру, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен оларға деген сақтанушылардың сенімділігін, олардың сақтандыру рыногында ұсынатын қызметінің сапасын арттыру, түрлі қолайсыз және кездейсоқ жағдайлардың сақтандыру тұрғысына қорғауды қолдануы аясын кеңейту, еліміздің ішкі резервтері есебінен ұзақ мерзімді негізде елеулі қаражаттардың ағылып келуі сақтандырудағы рыногтық жаңартулардағы жедел дамыту үшін сақтандыру мүмкіндіктері есебінен айтарлықтай жағдай жасау мәселелері қарастырылды.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2003 жылғы 16 мамырдағы заңында: «Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Осы Заңмен тікелей реттелген қатынастарды қоспағанда, сақтандырудан туындайтын және өзге де заң актілерінің қолданылатын аясына жататын қатынастар осы актілермен реттеледі. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі №405-11 Заңы, 2004 жылғы 13 желтоқсандағы №11-III және 20 желтоқсандағы №13-111 ҚР заңдарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, халықты әлеуметтік қорғау жүйесімен қамтылатын азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асыратын нысандарының бірі ретінде Қазақстан Республикасындағы міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін белгілеуге атсалысатын осы Заңның құрылымдық бөлімшелері мазмұндалған. 2006 жылғы 10 қаңтардағы №116-III және 31 қаңтардағы №125-111 ҚР Заңдарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы «Қазақстан Республикасының Заңы, бүгінде, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірумен шұғылданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді міндетті сақтандырудың құқықтық, қаржылық және ұйымдастыру негіздерін белгілеуге, сондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге атсалысуда.

Сонымен, біз елімізде сақтандыру ісінің қалыптасу тарихын қарастырып, сақтандыру саласындағы заңнамаларды талдауға тырыстық.

1. «Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан 2000 ж. 22 желтоқсан.
2. Скамай Л.Т., Мазурина Т.Ю. Страхование дело. – М., 2004. – 256 с.
3. Жуйриков К. Страховой рынок Казахстана: история становления и сегодняшний день // Время. – 2001 ж. – 12 қазан.
4. Сманов Б.Ө. Сақтандыру: экономикалық маңызы және Қазақстанда қалыптасып, даму кезеңдері. – А., 2000. – 46 с.
5. Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы. – Алматы, 2007. – 256 бет.

А.Х. Ахметалиев

КЕДЕН ОДАҒЫ: ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Жаңа онжылдықтың басы ЕурАзЭҚ пен ТМД және басқа да интеграциялық бірлестіктер сияқты экономикалық және саяси кеңістіктердің жаңа үйлесімді құрылымдарының қалыптасуына бастау берген оқиғамен байланыстырылып отыр. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Белоруссия, Қазақстан

және Ресей арасында құрылған Кедендік одақ өзінің іс жүзінде жұмысын атқару кезеңіне қадам басты. Жаңа Одақ Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1994 жылдың наурыз айында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университеті қабырғасында айтқан тиісті институттық құрылымы бар Еуразиялық кеңістік құру туралы бастамасының жүзеге асуының нәтижесі деп айтуға толық негіз бар. Бұл бастама, Елбасының басқа да идеялары тәріздес, әлемдік тәжірибені зерттеу, тиісті жағдайды мұқият сараптау және экономикалық мақсаттар негізінде өмірге келді. Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметтерін либерализациялау сыртқы рынокқа шығушы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің, сондай-ақ жекелеген кәсіпкерлердің шеңберін кеңейте түсті. Осыған байланысты халықаралық тауарлар, жұмыстар, қызметтер, ақпараттар, санаткерлік қызмет нәтижелерін алмасу салаларында мемлекеттік реттеудің ролі де елеулі өсе түсуде. Сонымен қатар, «Қазақстанның БСҰ-ға кіруі жолындағы келіссөз үдерісі тоқтаусыз жүргізіліп жатыр. Республиканың сыртқы сауда режимін реттейтін заңдарының едәуір бөлігі қазірдің өзінде БСҰ нормаларына сәйкес келтірілді немесе парламентте талқылануы үстінде. Еліміздің осы халықаралық ұйымға енуі Қазақстанның дүниежүзілік рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін», деп Қазақстан Республикасының Президенті ел халқына жолдауында атап өткен болатын [1].

Үш ел интеграциясының келесі кезеңі 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуы болмақ. Бұл қаржы мен жұмыс күші еркін орын алмасуын қамтамасыз ететін интеграцияның жоғары деңгейі” делінген Жолдауда. Және мұндай пікір әділ болып табылады. Себебі оның бірі екіншісімен тікелей байланысты. Көптеген кедендік кедергілерді жою экономиканы дамытуға, жаңа өндірістер мен салалардың пайда болуына, сәйкесінше тауар мен қызмет түрлерінің артуына септігін тигізіп, өз кезегінде бұл дегеніңіз жұмыс орындарының едәуір өсуіне әкелмек. Бұл – жұмыспен қамту, жалақы, көптеген әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асуы, шекарадағы артық төлемдер мен алымдардың жойылуы есебінен өндірістік және тамақ өнімдері бағаларының тұрақтануы, тіпті төмендеуі болып табылады. Сондай-ақ бұл ортақ экономикалық және гуманитарлық кеңістікте адамдардың еркін қозғалысы болмақ. Кедендік одақ әлемдегі ең тартымды рынокқа айнала отырып, өңірлік рынокты кеңейтеді және үш елдің экспорты көлемін ұлғайтпақ. Мысалға, Қазақстан ірі минералдар мен энергия көздері қорының иесі бола отырып, дайын өнім шығару мен оны экспорттау арқылы экономиканың шикізаттық сипатынан арылуға тырысуда. Бұдан бөлек, Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ ең ірі мемлекет. Кедендік одаққа мүше болу бізге қолайлы транзиттік тарифтерді белгілеу арқылы бұл мәселелерді шешуге жол ашады. Тауар ағыны еш бұрмалаусыз жандана түсетін болады. Шекарадағы кедергілер жойылады – бұл дегеніңіз іскерлік үдерістердің жылдамдауы, прогрессивті инновациялық өсу деген сөз. Әрине, алдымен Кедендік одақ, содан кейін Бірыңғай экономикалық кеңістік құру – ауқымды әрі күрделі үдеріс. Ол үкіметтер арасындағы ықпалдастық пен үйлестіруді күшейтуді, әсіресе мүше мемлекеттердің кедендік, салық, көлік және басқа да құрылымдарының ықпалдастығын қажет етеді. Кедендік одақты және жалпы экономикалық кеңістікті қалыптастыру – бұл үкіметтердің, әсіресе кедендік, салықтық, көліктік және оған қатысушылардың басқа да мекемелерінің өзара әрекеттесуі мен үйлесімділігін нығайтуын талап ететін, қиын, көп жоспарлы үдеріс болып табылады. Сол себепті де Кедендік одақтың комиссиясы құрылды және оның шешімі барлық қатысушыларға міндетті болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, жаңадан құрылған халықаралық ұйымға үш елдің әрқайсысының мемлекеттік органдарының жекелеген өкілеттіліктері бағытталды. Аталған қадамның еліміздің Негізгі заңына сәйкестілігін анықтау үшін, Премьер-Министр Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінен алдын ала түсінік беруді сұраған. 2009 жылдың қарашасында Конституциялық кеңес Конституцияның егемендік, унитарлық, басқару түрі мен мемлекеттің территориялық тұтастығы және азамат пен адамдардың құқығы мен бостандықтары туралы ережелері бұрмаланбаған жағдайларда, Қазақстан үшін КОК шешімінің міндеттілік сипатқа ие екендігі туралы оң қорытындыларын берді. Жоғарыда атағандай, Беларусь, Қазақстан және Ресей арасында қабылданған халықаралық келісімшарттың қағидаларына сәйкес кедендік одақ үш кедендік территорияларды – біртұтас кедендік аумаққа біріктіруді қарастырады. Бұл үдеріс іс жүзінде 2010 жылдың бірінші шілдесінен бастап қолданысқа кірді. Осы аумақта өндірілген және біртұтас аумақта еркін айналымда болатын үшінші елдерде өндірілген тауарлардың сауда-саттық айналымына кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы шектеулер алынып тасталады. Үш ел үшінші елдермен бірыңғай кедендік тарифті және тауарлармен сауда-саттықты реттеудің басқа да бірегей шараларын қолданатын болады. Бірыңғай кедендік тариф – бұл шешуші құжат әрі бірыңғай сауда саясатының маңызды элементі болып табылады. Бұл сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай сауда номенклатурасына сәйкес жүйелендіретін үшінші елдерден бірыңғай кедендік аумаққа кіргізілетін тауарларға қолданылатын кедендік баж салықтары ставкаларының жиынтығы. Ол үшінші елдерден кіргізілетін тауарларға

таратылады, бірақ ТМД елдерінен әкелінетін тауарларға қолданылмайды (ТМД елдері ішінде еркін сауда аймағы жұмыс істейді). Тауарлық позициялардың жалпы саны (ЕТТ) 11 214 өлшемді құрайды. Қазақстан инвестициялық жобаларға сәйкес өндіру жоспарланған тауарларға қатысты төмен ставкалар қолдану мүмкіндігін салынып жатқан зауыттар өндірістік қуаттарына шыққанға дейінгі кезеңге кейінге қалдырып отыр. Мысалы, олар алюминий, мұнай-химия саласындағы тауарларға, құрылыс материалдарына, минералды тыңайтқыштарға, маталарға және т.б. өнімдерге қолданылады. Осыған қоса, инвестициялық келісімдер шеңберінде кедендік баж салығын төлемей-ақ технологиялық жабдықтарды, жиынтықтаушы бұйымдар мен қосалқы бөлшектерді әкелу мүмкіндігі көзделген. Ендігі бастысы, ол Кеден кодексінің 2010 жылдың 1 шілдесінде күшіне енуінен бастап Кедендік одаққа қатысушылар арасында тауарларды кедендік ресімдеу болмайды, сондай-ақ Ресей мен Беларусь арасындағы үшінші елдерде өндірілетін тауарларға да кедендік ресімдеулер қолданылмайды. Осыған ұқсас үшінші елдерде өндірілетін тауарлар жөніндегі шарттар Қазақстан мен Ресей арасында 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Әрине, кедендік ресімдеу алып тасталғаннан кейін де ішкі шекаралардағы бақылаулар бірден жойылмайды. 2011 жылдың 1 шілдесіне дейін кедендік, санитарлық-эпидемиологиялық, фито-санитарлық, ветеринарлық, көліктік және шекаралық бақылау түрлері сақталады. Бірақ олар да шекаралық бақылауды қоспағанда кейін Кедендік одақтың сыртқы шекараларына шығарылады. Интеграцияның ең өзекті мәселелерінің бірі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіруі болып отыр. Қол жеткізілген келісімдерге сәйкес, БСҰ-ға кіру Кедендік одақтың басқа мүшелерімен ортақ ұстанымдарды келісе отырып бірлесе жүзеге аспақ. Бұл мақсатта үш мемлекет өкілдерінен құралған бірыңғай келіссөз жүргізуші топ құрылды.

Жалпы, атап өтетін жәйт, Кедендік одақтың қалыптасу процесі мен Қазақстанның БСҰ-ға кіруі – бұл мемлекеттің сыртқы сауда режиміне ғана емес, сондай-ақ, жалпы экономикаға әсер ететін қосарлас процесс. Яғни, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Қазіргі таңда Қоғамдастықта халықаралық қызмет саласында, бірыңғай көлік кеңістігін қалыптастыруда, ортақ энергетикалық рынокта және келісілген әлеуметтік саясат саласында стратегиялық бағыттар айқындалған. Бүгінде әлемде күрделі экономикалық жағдай қалыптасып отыр. Бір жағынан мемлекеттер тарапынан дағдарысқа қарсы қабылданған шаралар жаһандық қаржы апатына жол бермей, өз экономикаларына тигізер зардаптарын мүмкіндігінше жеңілдетуге жол ашты. Дегенмен, дағдарыстың айтарлықтай кері әсерін ескере отырып, экономикада түбегейлі тұрақтылық әлі күнге орнамағанын мойындауымыз қажет. Алдымызда экономикалық, қаржы, өндірістік және басқару жүйелерін ұйымдастыруда мемлекеттердің қағидаттық жаңа деңгейге өтуіне және туындаған жаңа мәселелерді шешуге бағытталған үлкен әрі қиын жұмыстар тұр. Бұл, яғни еліміздің экономикасын дағдарыстан кейінгі дамуға дайындау Президент Жолдауының арқауы болып табылады. “...Қазірден бастап біздің кәсіпкерлерге пайда болған жаңа мүмкіндіктерді дұрыс бағалап, жаңа нарыққа шығудың тиімді стратегияларын әзірлеумен барынша айналысып, бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет” – екендігін Елбасы Жолдауында атап өтті. Қорытындылай келе Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “...еуразиялық интеграцияның ұзақ мерзімді келешегінде балама жоқ” деген сөздерін еске сала кету қажет. Бұл өте орынды сөз. Кедендік одақ Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың негізі болып табылады. Және ол әбден мүмкін. Оны келесі фактілер дәлелдейді. Біріншіден, үш мемлекет кең ресурстық базаларға ие, сонымен қатар, білікті жұмыс күші жеткілікті. Екіншіден, ауқымды рынок бар. Беларусь, Қазақстан және Ресей өзіне жеткілікті жоғары деңгейдегі экономикаларына ие. Ең бастысы – болашақта Кедендік одаққа мүше мемлекеттер ортақ ақша бірлігі негізінде валюта одағын құруы мүмкін. Бұл ұйымның құжаттарында оның жаңа мүшелер есебінен кеңеюі әуел бастан қарастырылғанын айта кеткен жөн. Бүгінгі күні Кедендік одақтың құрылу процесі кері шегінбейтіндей күйге жетті деп нақты айтуға болады.

Еуразиялық экономикалық одақ құрылған соңғы сегіз жыл ішінде, еркін сауда аймағы аясында үш елдің тауар айналымы 29-дан 130 млрд долларға дейін артқан. Қазір болашақ Кеден одағына мүше елдерге 12 мың тауар түрі келеді, олардың басым көпшілігінің ортақ тарифі келісілді. Мамандардың айтуынша, бір ғана теміржол тарифтерін ретке келтіру тауар айналымын 30 пайызға бір-ақ өсіреді [2].

Кеден одағы жұмыс күшінің еркін айналымын, технология алмасуды, сауда жасауды жеңілдетеді. Соңғысы шағын және орта бизнес үшін аса маңызды болмақ.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауынан. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. 1 наурыз 2006 ж.

2. Алибекова Р. Сократить путь от таможни до розницы// Казахстанская правда. - 20 қараша. - 2010 ж. - 7-бет.

В данной статье рассматривается будущее и предпосылки таможенного союза Республики Казахстан.

In given article it is considered future and preconditions of the customs union of Republic Kazakhstan.

Ж.М. Абилдаева

ҚАРЖЫЛЫҚ DAҒДАРЫСТЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Жаңа егеменді Қазақстан өз дамуының 15 жылдық тарихында әлеуметтің экономикалық дамудың қиын кезеңін бастан өткерді. Кеңестік экономиканың қайта құрылу кезеңі мен одан кейін орын алған оның күйреуінен соң болған тәуелсіздіктің ең қиын алғашқы он жылдығында республикада қоғамдық-экономикалық формацияның ауысуы өтіп жатты. Ірі әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асырып, өзінің саясаты мен әлемдік нарықтағы орнын анықтап, әлемдік қауымдастықтың көптеген елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарын ретке келтіріп, Қазақстан мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңін абыроймен бастап өткізді. Ұлттық мүдделерді қорғай отырып, республика өз экономикасын жағымсыз сыртқы факторлардың әсер ету жағдайындағы жұмысқа дайындай білді.

Елдің жаңа қалыптасқан экономика жүйесі үшін оның халық өмір сүруінің қалыпты жағдайын ұстап тұра алу қабілеті мен ұлттық-мемлекеттік мүдделерді мақсатты жүзеге асыра алуының алғашқы және сапалы сынағы – 1997-1998 жж. оңтүстік-шығыс Азиядағы орын алған қаржылық дағдарыс болды. Азиялық аймақтағы қаржылық нарықтардың күйреуі көптеген елдердің экономикасына жағымсыз әсер етті, елдің қаржылық жағдайын төмендетуге әкеп соққан өндіріс көлемінің төмендеуіне себепші болды. Оның жаңғырығы посткеңестік кеңістікке де жетті. Осылайша 1998 жылдың тамызында Ресейде ішкі және сыртқы қарыздар мен бірқатар міндеттемелер бойынша ұлттық дефолт жарияланды. Қазақстан жүзеге асырылған шаралардың арқасында бұл дағдарыстың жағымсыз әсерінен қорғана білді. Көбіне бұған мемлекеттің дағдарыс қатеріне сәйкес реакция танытып, қолда бар қаржылық мүмкіндіктерді мақсатты пайдаланып, соның ішінде Норвегияның тәжірибесі негізінде мұнай қорын құруы себепші болды. Оңтүстік-шығыс Азиядағы дағдарыс әлемдік экономикадағы түрлі өзгерістерге қаржы секторының өте сезімтал екендігін және халықаралық жағдай кез келген елдің ішкі қалыбына ондағы қалыптасқан құрылымдарды өзгерте отырып, айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Сәйкесінше, жаһандандырудың жағымсыз салдарын жеңу үшін алдымен экономикалық қауіпсіздіктің негізгі құраушы бөлігі болып табылатын елдің қаржылық қауіпсіздігі жүйесін қалыптастыру және оны күшейту қажет [1].

Әлемдік экономикалық жүйенің даму тарихы кез келген мемлекеттің сыртқы дағдарыстарға қарсы тұра алу қабілеті көбіне оның экономикалық және қаржылық күш-қуатымен, қолда бар экономиканы реттеудің қаржылық және ақшалай-несиелік құралдарын сауатты қолдана отырып, дер кезінде қолға ала алу қабілетімен анықталатынын көрсетеді. Осыған сүйене отырып, Қазақстан үшін басты мақсат өндіріс пен қызмет көрсету көлемінің өсуі, сыртқы экономикалық тепе-теңдік және елдің оң төмен балансын қамтамасыз етудің негізінде мемлекеттің экономикалық күш-қуатын жедел көтеру болғандығын оңай түсіндіруге болады. Іске асырылған тетіктер салыстырмалы аз уақыттың ішінде Қазақстан экономикасына тұрақты даму қарқындылығын қалыптастырып, планетадағы тұрақты дамушы 10 елдің қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Дамушы нарықтар ұлттық экономиканың тұрақты дамуын көрсетеді. Жағымды жағдай ішкі қаржылық нарықта қалыптасып келеді. Қазақстандық банк секторы республика тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап жалпы алғанда алға қарай қарқынды дамып келеді. Банктер экономикадағы көптеген позитивті үдерістер мен бизнес көлемінің артуына бастамашы болды. Ел ішіндегі аса дамымаған қаржы нарығы жағдайында банктер капиталдың әлемдік нарықтарына шығу жолдарын қарастыруда. Сәттіліктің кепілі ретінде экономиканың айтарлықтай жоғарылауы мен Қазақстанның әлемдік деңгейде қаржылық рейтингінің өсуі болды. Шетелдік тәжірибе мен шетелде белсенді операцияларды қолданудың арқасында банктердің активтері мен несие портфельдерінің өсуі жеделдеді. Сонымен қатар, арзан ақшалардың қолжетімді болуы шетелде оларға деген бақылаусыз сұраныс туғызды, ал бұл жағдай елдің қарыздық тәуелділігіне жағымсыз әсер етті. 2007 жылы Қазақстанның жалпы сыртқы қарызы 96,4 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 22,4 млрд-қа немесе 30,2%-ға көп. Жалпы сыртқы қарыздың жалпы сомасынан 2,1 млрд доллар немесе 2,2 % мемлекеттік және мемлекет кепіл берген қарыз үлесіне және 94,3 млрд немесе 97,8% мемлекет кепілдік бермеген қарыз үлесіне келеді (қаржы министрлігінің анықтамасы бойынша, бұл – мемлекеттің басым қатысуы бар акционерлік қоғамдар, ұлттық компаниялар, даму институттары және екінші деңгейлі банктердің қарыздық міндеттемелері).